

Павлодар аудандық мәслихатының (5 сайланған 30 кезекті сессиясы) 2014 жылғы 27 ақпандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Павлодар ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 30/227 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 39/270 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 03 қазанда № 4049 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 71/315 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 15.05.2020 № 71/315 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар аудандық мәслихатының (5 сайланған 30 кезекті сессиясы) 2014 жылғы 27 ақпандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Павлодар ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 30/227 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3734 тіркелген, 2014 жылғы 20 наурыздағы "Заман тынысы" аудандық газетінің № 12, 2014 жылғы 20 наурыздағы "Нива" аудандық газетінің № 12 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Павлодар ауданы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

8-тармақтың 4) тармақшасында "Халықаралық мүгедектер күні" деген сөздері "Қазақстан Республикасының Мүгедектер күні" деген сөздерімен ауыстырылсын ;

10-тармақтың 1) тармақшасының төртінші абзацында "Халықаралық мүгедектер күніне" деген сөздері "Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне" деген сөздерімен ауыстырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Е. Темірғалиев

Мәслихат хатшысы

Б. Оралов